

"Тарифтерді қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 129 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 30 маусымда № 32980 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Тарифтерді қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19617 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тарифтерді қалыптастыру қағидаларында:

15-тармақ мынадай мазмұндағы 14-1) тармақшамен толықтырылсын:

"14-1) ақпараттандыру объектілерінен алынған табиғи монополия субъектісінің қуатын нақты пайдалану туралы деректер;"

64 және 65-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"64. Электр энергиясын ұлттық электр желісі арқылы беру, ұлттық электр желісін пайдалану, электр энергиясын желіге беру және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру, электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру саласындағы электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге арналған тарифті есептеу тетігі тұтынушылар – электр энергиясы нарық субъектілері үшін жасалған шарттарға сәйкес қолданылады.

"65. Электр энергиясын ұлттық электр желісі бойынша беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерге арналған тариф электр энергиясының экспорты мен импортын жүзеге асыратын, электр энергиясының мемлекетаралық транзитінің көлемі үшін басқа мемлекеттердің ұйымдарының, ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беруді жүзеге асыратын тұлғалар тобына кіретін ұйымдардың, осы ұйымдар құрамына кіретін объектілер үшін және электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан тыс электр энергиясын сатып алу-сатуды жүзеге асыратын тұтынушылар үшін қолданылады және осы тараудың 1-бөліміне сәйкес тарифті есептеу тәртібіне сәйкес есептеледі.";

68, 69 және 70-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"68. Электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметке арналған тариф энергия өндіруші ұйымдардың шиналарынан

босатылған шамаға және электр энергиясының жиынтық саны қабылданатын көтерме және бөлшек нарықтарда тұтынылған:

1) ведомствалық тиесілілігіне қарамастан, Қазақстан Республикасының энергия өндіруші ұйымдары шиналарынан босатылған;

2) энергия беруші ұйымдардың энергия беруші ұйымдар желілеріндегі және энергия беруші ұйымдардың шаруашылық мұқтаждарының электр энергиясының технологиялық шығысын өтеу үшін алған;

3) энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың электр энергиясының көтерме және бөлшек сауда нарықтарынан, оның ішінде өзінің тұтынушылары үшін Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерден алған;

4) тұтынушылардың электр энергиясының көтерме сауда нарығынан, оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерден алған, сондай-ақ өнеркәсіп кешендерінің, осы кешендердің құрамына кіретін кәсіпорындар мен бірлестіктердің энергиямен жабдықтаушы ұйымдары тұтынған электр энергиясының шамасына қатысты қолданылады.

69. Электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметке тариф мынадай формула бойынша есептеледі:

$$T_{\text{теңг}} = \frac{Z_{\text{теңг}} + P}{W_{\text{болж}} + W_{\text{БТ}}}, \text{ мұндағы:}$$

$T_{\text{теңг}}$ – электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметке арналған тариф, теңге/килоВатт-сағ;

$Z_{\text{теңг}}$ – желілік оператордың электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі көрсетілетін қызметті жүзеге асыруға қажетті экономикалық негізделген шығыстары, теңге.

$Z_{\text{теңг}}$ құрамында электр қуатын реттеу жөніндегі көрсетілетін қызметтерге арналған шығыстар ескеріледі.

P – электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді тиімді ұсынуға қажетті пайданың жол берілетін деңгейі;

$W_{\text{болж}}$ – жүйелік оператор электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді тұтынушылармен жасасқан шарттармен, субъектінің жалпыға бірдей сапалы қызмет көрсету міндеті мен мүмкіндіктеріне, тарифтер деңгейін ұстап тұру немесе өсіру мақсатында көлемдерді төмендетуге жол бермеуге негізделген ниет хаттамаларымен және есептеулермен расталған энергия өндіруші ұйымдардың шиналарынан босатылған электр энергиясының жоспарланған жиынтық көлемі, кВт.сағ.;

$W_{\text{пп}}$ – көтерме және бөлшек сауда нарықтарында тұтынылған, жүйелік оператор электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі

көрсетілетін қызметтерді тұтынушылармен жасасқан шарттармен, субъектінің жалпыға бірдей сапалы қызмет көрсету міндеті мен мүмкіндіктеріне, тарифтер деңгейін ұстап тұру немесе өсіру мақсатында көлемдерді төмендетуге жол бермеуге негізделген ниет хаттамаларымен және есептеулермен расталған электр энергиясының жоспарланған жиынтық көлемі, кВт.сағ.

70. Электр энергиясын беру саласындағы көрсетілетін қызметтерге тарифтер:

1) электр энергиясын беру саласында мынадай формула бойынша есептелетін тариф қолданылады:

$$T_{\text{ТҰЭЖ бойынша беру саласында}} = \frac{Z_{\text{ЭЭ беру саласында}} + P_{\text{ЭЭ беру саласында}}}{W_{\text{ЭЭ беру саласында}}}, \text{ мұндағы:}$$

ТҰЭЖ бойынша беру саласында – ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беру саласындағы көрсетілетін қызметтер тарифі, теңге/кВт.сағ.;

ZЭЭ беру саласында – электр энергиясын беру саласындағы көрсетілетін қызметтерге жүйелік оператордың экономикалық негізделген шығындары, теңге;

PЭЭ беру саласында – осы Қағидаларға сәйкес есептелетін, электр энергиясын беру саласында қызметтерді тиімді көрсету үшін қажетті қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасына жол берілетін пайда деңгейі, теңге;

WЭЭ беру саласында – субъектінің электр энергиясын ұлттық электр желісі бойынша берілетін көрсетілетін қызметтерді тұтынушылармен жасасқан шарттарымен, субъектінің жалпыға бірдей сапалы қызмет көрсету міндеті мен мүмкіндіктеріне, тарифтер деңгейін ұстап тұру немесе өсіру мақсатында көлемдерді төмендетуге жол бермеуге негізделген ниет хаттамаларымен және есептеулермен расталған, ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын тұтынушыларға беру саласындағы жоспарланатын жылдық көлем, кВт.сағ.

2) электр энергиясының экспортын және импортын жүзеге асыратын тұтынушылар, электр энергиясының мемлекетаралық транзитінің көлемі үшін басқа мемлекеттердің ұйымдарына, осы ұйымдардың құрамына кіретін объектілер үшін ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беруді жүзеге асыратын тұлғалар тобына кіретін ұйымдар мен электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан тыс сатып алу-сатуды жүзеге асыратын жаппай сатып алу нарығы субъектісі үшін қолданылатын электр энергиясын беру жөніндегі көрсетілетін қызметке мынадай формула бойынша есептелетін тариф қолданылады:

$$T_{\text{ТҰЭЖ бойынша беру}} = \frac{D_{\text{ТҰЭЖ бойынша беру}} * k_{\text{ТҰЭЖ}}}{W_{\text{ТҰЭЖ бойынша беру}}}, \text{ мұндағы:}$$

ТҰЭЖ бойынша беру – ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беру жөніндегі көрсетілетін қызметтер тарифі, теңге/кВт.сағ.;

WҰЭЖ бойынша беру – электр энергиясының экспортын және импортын жүзеге асыратын тұтынушыларға, электр энергиясының мемлекетаралық транзитінің көлемі үшін басқа мемлекеттердің ұйымдарына, осы ұйымдардың құрамына кіретін объектілер үшін ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беруді жүзеге асыратын тұлғалар тобына кіретін ұйымдарға және электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан тыс сатып алу-сатуды жүзеге асыратын жаппай сатып алу нарығы субъектілер үшін, субъектінің электр энергиясын ұлттық электр желісі бойынша берілетін көрсетілетін қызметтерді тұтынушылармен жасасқан шарттарымен, субъектінің жалпыға бірдей сапалы қызмет көрсету міндеті мен мүмкіндіктеріне, тарифтер деңгейін ұстап тұру немесе өсіру мақсатында көлемдерді төмендетуге жол бермеуге негізделген ниет хаттамаларымен және есептеулермен расталған ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын берудің жоспарланған жылдық көлем, кВт.сағ.

КҰЭЖ – тұлғалар тобына кіретін ұйымдардың ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беру жөніндегі жоспарланатын жылдық көлемдердің электр энергиясын беру жөніндегі көрсетілетін қызметтер көлеміне арақатынасы.

3) электр энергиясын бірыңғай сатып алушыны, шартты тұтынушылар мен тұлғалар топтарының құрамына кіретін заңды тұлғаларды қоспағанда, олардың "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының есеп айырысу орталығымен электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алу және

теңгерімдеуші электр энергиясы мен теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату операцияларын жүзеге асыруы кезінде жүйелік оператордың электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісіне ұлттық электр желісін пайдалану жөніндегі көрсететін қызметі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$T_{\text{ҰЭЖ пайдалану}} = \frac{D_{\text{ЭЭ беру саласында}} * (1 - k_{\text{ҰЭЖ}})}{W_{\text{ҰЭЖ пайдалану}}}, \text{ мұндағы:}$$

TҰЭЖ пайдалану – ұлттық электр желісін пайдалану жөніндегі қызметке тариф, теңге / кВт.сағ.;

кҰЭЖ – тұлғалар тобына кіретін ұйымдардың ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беру бойынша жоспарланатын жылдық көлемдердің электр энергиясын беру жөніндегі көрсетілетін қызметтер көлеміне арақатынасы.

D ЭЭ беру саласында – электр энергиясын беру саласында қызметтер көрсету үшін қажетті Жүйелік оператор қаражатының жиынтық деңгейі мынадай формула бойынша айқындалады:

ДЭЭ беру саласында = ZЭЭ беру саласында + PЭЭ беру саласында , мұндағы

WҰЭЖ пайдалану – электр энергиясын бірыңғай сатып алушыны, шартты тұтынушылар мен тұлғалар топтарының құрамына кіретін заңды тұлғаларды қоспағанда, олардың "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының есеп айырысу орталығымен электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алу және теңгерімдеуші электр энергиясы мен теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату операцияларын жүзеге асыруы кезінде жүйелік оператордың электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісіне ұлттық электр желісін пайдалану жөніндегі көрсететін қызметтер көлемі.";

541-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"541. Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсынатын субъектілер үшін, сондай-ақ уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тарифті осы Қағидалардың 601-тармағының 4) тармақшасы негізінде оның мерзімі өткенге дейін өзгертуді жүзеге асыратын субъектілер үшін пайда мөлшерлемесі отыз пайыздан аспайтын мөлшерде қабылданады.

Қаржыландыру көздері инвестиция көлемдерінен асып түскен кезде инвестицияларды қаржыландыру көздері ретінде амортизациялық аударымдар мен қарыз қаражатының пайдаланылуы ескеріле отырып, пайда инвестициялық бағдарламаны (жобаны) іске асыру үшін қажет деңгейге дейін төмендеу жағына қарай түзетіледі.

Егер сумен жабдықтау және (немесе) су бұру көрсетілетін қызметтеріне тарифтің жоспарлы деңгейі қосылған құн салығынсыз бір текше метр үшін екі жүз теңгеден асып түссе, пайда мөлшерлемесі тарифті бекітуге өтінім беру күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің базалық мөлшерлемесі деңгейінде қабылданады.";

602-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Уәкілетті органның ведомствосы ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерді және ұлттық электр желісін пайдаланғаны үшін көрсетілетін қызметтерді ұсынатын табиғи монополиялар субъектілері үшін Заңның 15-бабының 1-тармағына сәйкес табиғи монополия субъектісінің дамуы мен тиімді жұмыс істеуі үшін осы Қағидалардың 11-тарауына сәйкес есептелген шартты-ауыспалы шығындарды, көрсетілетін қызметтердің көлемін және пайданы (қарыз қаражатын қаржыландыруды және қарыз ресурстарын өтеуді жабуға (облигациялық қарыздың толық құнын өтеу күніне дейін қаражатты резервтеу) және/немесе өзгерістерді инвестициялық бағдарлама сомасының өсуі жағына қарай), рұқсат етілген деңгейінен аспайтын пайданы түзетеді."

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет

министрлігінде мемлекеттік тіркеуді және оны Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2023 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі*

А. Қуантыров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Экология және табиғи ресурстар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Энергетика министрлігі